

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 245-248

## **«АСТАНА-ӨНІМ» АҚ ГОЛШТИН ТҰҚЫМЫНЫҢ І САУЫН МАУСЫМЫНДАҒЫ СИЫРЛАРДЫҢ ТІРІЛЕЙ САЛМАҒЫ, ЭКСТЕРЬЕРІ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДІЛІГІ БОЙЫНША СИПАТТАМАСЫ**

*Бекқожин А.Ж., Серикбаева А.А.*

Ауыл шаруашылығы – шаруашылық салаларының ішіндегі ең ежелгі және табиғат жағдайларына тікелей тәуелді саласы. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы – неғұрлым көп тараған сала. Шындығында, дүниежүзінде халқы ауыл шаруашылығының түрлі сала-ларымен айналыспайтын бірде-бір ел жоқ. Ауыл шаруашылығы – материалдық өндірістің ең маңызды түрлерінің бірі. Халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етумен айналысатын бұл саланы өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы құрайды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев жолдауында «Ауыл шаруашылығын, әсіресе, ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында ауқымды жаңғырту қажет. Әлемдік азық-түлік нарығының көшбасшысы болу және ауыл шаруашылығы өндірісін арттыру үшін бізге мыналар қажет», дей келе егістік түсімін, ең алдымен жаңа техноло-гиялар енгізу есебінен елеулі көтеру қажеттігіне, біздің әлемдік деңгейдегі мал шаруашылығы жемшөп базасын құру үшін үлкен әлеуетке ие екендігімізге тоқталып өтті [1].

Сүтті бағыттағы сиыр өсірудегі басты мақсат барынша аса жоғары сапалы сүт сауу. Сиырдың сүттілігі 305 күн сауылған және тәулігіне ең көп шыққан сүт мөлшеріне қарай анықталады. Сиырдың сүттілігі оның тұқымына, азықтандыру жағдайына, күтіміне, жасы-на, қоңдылығына, тірілей салмағына, сауылған мерзіміне және уақтылы саууына байланысты келеді. Сүттілік тұқым қуалайды. Тұқымдық қасиет атасынан ұрпағына тұрақты түрде берілген сайын бұл көрсеткіш те жоғарылай береді. Сонымен қатар, бір тұқымға жататын мал ішінде де ата-тегіне байланысты өнімділігі де әртүрлі сиырлар кездеседі. Сиырларды сүттілігіне қарай сұрыптағанда оның сауылу кезеңінде өндірілетін сүттің көлеміне де көңіл аударылады.

Тауардың өзіндік құны шаруашылықтар үшін үлкен рөл атқарады. Ауыл шаруашылық малдарын пайдалану мерзімін және өндірілетін өнім көлемін арттыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Сондықтан селекциялық жұмыстар осы бағытта жүргізілгені жөн. Асыл тұқымды малды өсіру және тұқымдық қасиеттерін жақсарту барысында экономикалық тиімділігіне мән беру қажет. Жоғарыда айтылған талаптарға сай өнімділігі жоғары, пайдалану мерзімі ұзақ және сонымен қатар экономикалық тұрғыдан

тиімді мал-ды алу үшін ұрықтандыру кезінде гоштин тұқымының аталықтарын пайдаланған жөн [2].

Соңғы жылдары сүтті бағыттағы асыл тұқымды ірі қараның қорын ұлғайту мақсатында шетелден асыл тұқымды малды сатып алу ұйымдастырылуда, соның ішінде голштин тұқымы басымдылыққа ие. Голштин тұқымы жоғары сүт өнімділігімен және жаңа тех-нологияларға бейімділігімен ерекшеленеді [3].

Сиырлардың сүт өнімділігі - сауым маусымында алынатын сүттің мөлшері мен сапасына байланысты. Сиырлардың сүт бездеріне қанмен түскен заттардан сүт пайда болады. Сүт өнімділік тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын факторлардың әсеріне тәуелді болып келеді. Оларға сиырлардың тұқымы, азықтандыру және бағу жағдайы, жасы және басқа факторлар жатады.

I сауым маусымы бойынша сүт өнімділігі көбінесе сиыр ағзасының ұрықтануға қаншалықты дайын екендігіне байланысты. Егер жасы 16-18 айға толмаған, тірілей салмағы ересек сиыр салмағының 70% жетпеген қашарларды ұрықтандырсақ, төліміз әлсіз болып, сиырдың сүт өнімділігі төмен болады. I және II сауым маусымы бойынша сүт өнімділік ересек сиырлардың көрсеткішінен төмен болады. Әдетте I сауым маусымы бойынша көрсеткіш сақа сиырлардың сауым маусымы бойынша сүт өнімділігінің -75% құрайды, ал II сауым маусымы бойынша - 85%.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы бойынша 8759000 тонна сүт өндіріліп, халық сапалы табиғи сиыр сүтімен қамтамасыз етіліп келеді. Сапалы сиыр сүтін өндіруде өз үлесін қосып келе жатқан шаруашылықтардың бірі «Астана-Өнім» АҚ. Сүт өнімділігін анықтау мақсатында «Астана-Өнім» АҚ жалпы табыннан I және II сауым маусымы бойынша 15 сиырдан іріктелініп алынды. Жүргізілген есептеулер қорытындысы 1-ші кес-теде келтірілді.

1 кесте – I және II сауым маусымы бойынша сиырлардың сүт өнімділігі

Көрсеткіштері	Сауым маусымы	
	I	II
Сауым, кг	5983	6529
Сүттің майлылығы, %	3,67	3,75
Ақуыз мөлшері, %	3,10	3,34
Сүт қанты, %	4,75	4,80
Құрғақ зат, %	11,6	12,0

Кестедегі келтірілген деректер бойынша II сауым маусымының көрсеткіштері I сауым маусымына қарағанда жоғары болып келеді. Нақты айтар болсақ сауым 546 кг, сүттің майлылығы 0,08 %, ақуызы 0,24 %, сүт қанты 0,05 %, құрғақ зат 0,4 % төмен.

Голштин тұқымды малдың конституциясы берік, ірі денелі, ұзын сирақты болып келеді. Бұл тұқымның экстерьері жақсы сұрыпталып,

ұнамсыз қасиеттерден тазарған, әсіресе желіні мен сүт беретін мүшелерінде кемшілік болмайды. Асыл тұқымды сиырлардың салмағы 700 кг, ал бұқалары 1000-1200 кг тартады. Жаңа туған бұзаулардың салмағы 35-45 кг. Еліміздегі сүт мәселесін шекке жеткізу үшін, бір сиырдың жылдық сауым көрсеткішін жоғарылату керектігі түсінікті. Сүт өнімділігі сыртқы экстерьермен байланысты болғандықтан, оған көп көңіл аударған жөн. Ірі кара экстерьерін жете зерттеген ғалымдарға М.И. Придорогин, Е.А. Богданов, П.Н. Кулешов, Е.Ф. Лискун, И.Ф. Иванов жатады [4].

Сүттілік сиырлардың жасына қарай өзгергіш болып келеді. Бірінші және екінші бұзаулаған сиырлардан сақа сиырлармен салыстырғанда сүт 15-30% кем шығарады. Сиырлар сүттілігінің өзгергіштігі оның азықтандыру жағдайына, жетілгіштігіне, дене бітімінің мықтылығына байланысты. Дұрыс азықтандырылған, күтімі жақсы мал 10-12 жыл бойы өте сүтті болады.

Сүт өнімділігі сонымен қатар сиырдың тірілей салмағына да байланысты. Бұл көрсеткіш малдың жалпы жетілгендігін көрсетеді. Сиырдың тірілей салмағы мен сүттілігі арасында өзара байланыс бар екендігі анықталған. Егер сиырдың сүтті малға тән дене бітімі, тұлғасы сақталса, тірілей салмағы өскен сайын оның сүттілігі де көтеріле түседі.

Профессор С.А. Ружский сиырдың тірілей салмағы мен сүттілігінің арасында айнымалы байланыс бар екендігін де анықтады. Сиырдың салмағы артқан сайын, белгілі бір шамаға дейін сүттілік көтеріледі де, одан әрі тірілей салмақ қанша артқанмен сүттілік мөлшері өспейді. Ғалымдардың айтуынша, сиырдың сауым маусымындағы сүттілігі өзінің тірілей салмағынан 8-10 есе артық болғаны дұрыс.

Жоғарыда келтірілген сиырлардың дене өлшемдері мен тірілей салмағының көрсеткіштерін алып, I және II сауым маусымы бойынша сиырлардың экстерьеріндегі айырмашылықтар анықталды.

2 кесте - Голштин тұқымды сиырлардың I және II сауым маусымы бойынша экстерьері мен тірілей салмағы

Көрсеткіштері	Сауым маусымы	
	I	II
Шоқтығының биіктігі, см	139,3 ± 0,5	145,7 ± 0,7
Құйымшағының биіктігі, см	146,6 ± 0,4	150,7 ± 0,6
Кеуде орамы, см	160,1 ± 0,3	168,5 ± 0,4
Кеуде ені, см	43,2 ± 0,9	45,3 ± 1,1
Жамбас жалпақтығы, см	52,9 ± 0,6	54,0 ± 0,1
Тұрқының қиғаш ұзындығы, см	160,2 ± 1,2	162,1 ± 1,2
Жіліншік орамы, см	18,9 ± 0,2	19,2 ± 0,4
Тірі салмағы, кг	610 ± 12	631 ± 16

Зерттеу нәтижесі бойынша I сауым маусымындағы сиырлардың көрсеткіші II сауым маусымындағы сиырлардың көрсеткіштерінен өзгеше екенін көре аламыз. Дәлірек айтсақ, тірілей салмағы I сауым маусымындағы сиырдікі 610 кг болса II сауым маусымындағы сиырдың тірілей салмағы 631 кг болды. Яғни, 21 кг айырмашылықты көре аламыз. Сонымен қатар, дене өлшемдерін салыстыра келе I сауым маусымындағы сиырлардың көрсеткіштері II сауым маусымындағы сиырлардың көрсеткіштерінен кем болғаны анықталды.

Голштин тұқымы сүтті ірі қара мал ішінде әлем бойынша ең көп тараған тұқым болып табылады. Оның бірден-бір себебі, жоғары сүт өнімділігінде. Голштин сиырларының желіні көлемді, тостаған пішінді болып келеді. Желін индексі 48-50% болса, сүт беру жылдамдығы 2,5 кг/мин.

Қорытындылай келе, сүт бағытында өсірілетін асыл тұқымды голштин сиырларын зерттеу барысында жоғары сүт өнімділік қасиетін көрсеткенін атап кетуге болады. I сауым маусымы бойынша сүт өнімділігі II сауым маусымындағы көрсеткішке қарағанда 546 кг төмен болды. Майлылығын, ақуыз мөлшерін, сүт қантын және құрғақ затты анықтағанда айырмашылықтар байқалған болатын. Зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, голштин тұқым сиырларының сүт өнімділігі толық құнды азықтандыру мен күтіп-бағу жағдайында әр сауым маусымы сайын ұлғаятынын болжамдауға болады. Сүт өнімділігіне, экстерьер мен тірілей салмақтың әсерін анықтау үшін 2 кестеде зерттеу нәтижелері көрсетілген. Кесте-дегі мәліметтерге сүйенсек, II сауым маусымы бойынша сиырлардың тірілей салмағы 21 кг, шоқтығының биіктігі 6 см, құйымшағының биіктігі 4,1 см, кеуде орамы 8,4 см, кеуде ені 2,1 см, жамбас жалпақтығы 1,1 см, тұрқының қиғаш ұзындығы 1,9 см, жіліншік орамы 0,3 см I сауым маусымы бойынша сиырлардың көрсеткіштерінен жоғары болды.

Голштин тұқымы жергілікті ауа райына жақсы бейімделген, жаңа технологияларға машықтанған, сүт өнімділігі жоғары болғандықтан республикамыздың сүтті мал қорын байыту және сүт өндірісін ұлғайту үшін өсірген тиімді.

### Әдебиеттер тізімі

1 Мүлікова Б. Ауыл шаруашылығының бүгінгі тынысы // «Жұлдыз Новая жизнь» газеті. – 2012. – 25 наурыз.

2 Adler B. Perspectives of cattle breeding from practical point of view// - Zuchtungs-kunde. – 2005. – Vol. 77. - Iss.6. – P.457-463

3 Труфанов В.Г., Новиков Д.В., Барышников К.С., Синяков С.С. Продуктивные качества голштинских коров венгерской селекции разных генотипов// Зоотехния. – 2011. - №2. – С. 5-6.

4 Төреханов А.Ә. және басқалары. Ірі қара шаруашылығы// - Алматы: Триумф «Т». - 2006. – Б. 34-35.